

Оңтүстік Қазақстан облысының Мірғалымсай кен орнын су басуының техникалық-экономикалық негіздемесінің әзірлемесін қаржыландыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 1 шілдедегі N 622

Мірғалымсай кен орнын 13 көкжиектен жоғары су басуға жол бермеу және Кентау қаласының тұрғын үй қоры ауданында жерүсті қабатының қозғалуына байланысты туындауы ықтимал төтенше оқиғалардың алдын алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Оңтүстік Қазақстан облысының әкіміне Қазақстан Республикасы Үкіметінің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше оқиғаларды жоюды қоса алғанда, төтенше оқиғалар мен шараларды қаржыландыруға арналған резерв қорынан Мірғалымсай кен орнын 13 көкжиектен жоғары су басуының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге және жерүсті қондырғыларының сақталуын қадағалау жөніндегі шаралар кешенін орындауға 10 (он) млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау комитеті бөлінген қаражаттың мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі